



«Су ресурстары-Маркетинг» ЖШС 2023 жылдың қорытындысы бойынша есеп берді. Іс-шараға қоғам қайраткерлері, Шымкент қаласы бойынша ТМРА басшысы Кенжеболат Көшекбаев, қалалық мәслихат депутаттары, үй және көше комитеттерінің төрағалары, БАҚ өкілдері шақырылды. 2023 жылдың қорытындысын «Су ресурстары-Маркетинг» ЖШС бас директоры Анарбек Орман баяндады.

ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП: НЕ ІСТЕЛДІ, НЕ ІСТЕЛМЕК?

Аталған кәсіпорын ауыз суды үздіксіз, тәулік бойы беру және су бұру қызметтерін ұсынады. Қазіргі таңда мегаполисте сумен жабдықтау проблемалары жоқ. Инвестициялық бағдарлама шеңберінде сумен жабдықтау және кәріз жүйелерін кезең-кезеңімен қайта құру жүзеге асырылуда.

Сонымен қатар, қалада коллекторлардың тозуы мен физикалық ескіруіне байланысты кәріз тазарту құрылыстары кешеніндегі жағымсыз иісті жою үшін биотехнологияларды қолдану тәсілі туралы түсіндірілді. Тәжірибелік-өнеркәсіптік сынақтардың нәтижесінде жауын-шашын-ның айтарлықтай төмендеуі байқалып, жағымсыз иіс жоғалды. Кәсіпорынның бас директоры аталған биотехнологияның Қазақстанда алғаш рет қолданылып жатқанын және бұл тәжірибені мемлекеттік деңгейде зерделеу керектігін атап өтті.

Есеп беру кезінде Анарбек Орман ағынды сулардағы тұнба деңгейін төмендету және кәріз тазарту құрылыстары кешеніндегі жағымсыз иісті жою үшін биотехнологияларды қолдану тәсілі туралы түсіндірілді. Тәжірибелік-өнеркәсіптік сынақтардың нәтижесінде жауын-шашын-ның айтарлықтай төмендеуі байқалып, жағымсыз иіс жоғалды. Кәсіпорынның бас директоры аталған биотехнологияның Қазақстанда алғаш рет қолданылып жатқанын және бұл тәжірибені мемлекеттік деңгейде зерделеу керектігін атап өтті.

Сонымен қатар, Анарбек Оңғарұлы «Су ресурстары-Маркетинг» ЖШС қызметкерлерінің жалақысы энергетика және газ салаларындағы мамандарға, сондай-ақ Қазақ-

станның басқа да су арналарындағы әріптестеріне қарағанда әлдеқайда төмен екенін тілге тиек етті. «Бұл мәселені шұғыл шешу қажет, өйткені сала осы факторға байланысты сапалы кадрларды жоғалтады, ал жастар төмен жалақыға тартылмайды», – деді ол.

Жылдық есеп барысында жиналған жұртшылық бірқатар өзекті мәселелерді көтерді. Солардың бірі жеке су есептеу құралдарына қатысты сауал болды. Қазіргі уақытта су есептеу құралдары тұтынушылардың жеке меншігі болып табылады және оларды тексеру, ауыстыру мәселесінде абоненттердің өздері жауапты. Бұл адамдарға аса ыңғайлы емес. Анарбек Орманның айтуынша, бұл мәселе бойынша кәсіпорын әкімшілігі ұзақ уақыт бойы тиісті мемлекеттік органдарға жазып келеді, бірақ әлі де нақты шешім жоқ. «Су ресурстары-Маркетинг» ЖШС бас директоры ҚР ҰЭМ Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Шымкент қаласы бойынша басшысынан бұл мәселені бақылауға алуды және оны шешуге жәрдемдесуін сұрады.

Қала тұрғындарынан түскен сұрақтардың барлығы мекеме тарапынан бақылауға алынды және алдағы уақытта жедел түрде шешімін табатын болады.

Егер «Су ресурстары-Маркетинг» ЖШС қызметіне қатысты сұрақтарыңыз болса, кәсіпорынның әлеуметтік желілердегі аккаунттарына немесе whatsapp желісіндегі +7 705 758 11 11 нөміріне жазасыз.

«Су ресурстары-Маркетинг» ЖШС

МҮЛДЕ МАЙ ЖЕМЕСЕ НЕ БОЛАДЫ?

Көп адам май жеуге қорқады. Алайда мүлде май жемей қоюға болмайды. Рационда майлардың жеткіліксіздігінің төмендегідей жағымсыз әсерлері болуы мүмкін.



Дисбиоз және қабыну. Ағзада май болмаса немесе азайып кетсе, өт бөлінуі бұзылады. Себебі өт майлы тамақ жегенде бөлінеді. Оған қоса, өттің өзі оның құрылымына әсер ететін майлы қышқылдардан тұрады. Сондай-ақ, өт – ішектегі шартты-патогенді флораны реттейтін негізгі «сауықтырушы» сұйықтық. Ол жетіспеген кезде дисбиоз дамиды: микроағзалар көбейеді, іш кебу және іште жағымсыздық әсері пайда болады. Осылайша, микрофлора мен ішек шырышы бұзылады, ол өз кезегінде қабыну процестеріне, иммунитеттің төмендеуіне, макро және микроэлементтердің жетіспеушілігіне әкеледі.

Дәрумендер жетіспеушілігі. А, Д, Е және

К дәрумендері – майда еритін дәрумендер. Ағзада май болмаса немесе азайып кетсе, аталған дәрумендер ағзаға түспейді және сіңбейді. Нәтижесінде көру қабілеті, шаш пен тері жағдайы нашарлайды, энергия азаяды, онкология, остеопороз секілді аурулар қаупі артады.

Артық салмақ қосу. Майлар – энергия көзі. Ол қарынды аштырмай, ағзаның белсенділігін бірнеше сағатқа дейін сақтайды. Сондықтан май жетіспесе, тамақтанғаннан кейін көп ұзамай қайта қарныңыз ашады. Ал жылдам қарны ашатын адам әдетте сапалы тамақтануды ойламайды. Бұның соңы артық салмаққа әкелуі әбден мүмкін.

massaget.kz

ОРМАНҒА ДА ҚАМҚОРЛЫҚ КЕРЕК



Көктем ерте келіп, жаздың жылуы мамырайай мамырда айында сезіліп қоятын Түркістан облысы аумағы еліміздегі ең жылы өңірге жатады. Биылғы жаз маусымы мамандардың болжамынша ыстық болғалы тұр. Осы орайда көктем шыққалы Бадам орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі коммуналдық мемлекеттік мекемесіне қарасты Боралдай орманшылығы табиғатты қорғау мекемесінде орман алқабын сақтау бағытында жұмыстар бір сәтке де толастаған жоқ. Көк желек пен орман халық байлығы екенін естен шығармайтын мекеме қызметкерлері көктемнің соңғы айында да қызу жұмыс істеуде. Мамандар тұрғындар арасында өрттің алдын алу, табиғи ортаны ластамау, көк желекті жұлмау бағытында түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Табиғат аясына келушілерге, демалушыларға өрт болдырмау үшін сақтық әрекеттерді үнемі сақтап жүру ескертіліп жатыр. Жакын маңдардағы ауылдар мен білім ошақтары, түрлі мекемелерге мамандар барып орманды өрттен сақтау мен ластамау аясында арнайы іс шаралар өткізілді.

Биылғы маусымдық шаралар да өз деңгейінде жүрді. Бадам орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі коммуналдық мемлекеттік мекемесіне қарасты Боралдай орманшылығында өрт сөндіру бекеттері мен

бақылау мұнаралары орнатылды. Демалушылар көбірек шоғырланатын тұстарға, келушілердің көзіне тез түсетін жерлерге арнайы орманды өрттен сақтау барысындағы ережелер жазылған такталар орнатылды. Орманды өрттен сақтау, таза ұстау, түрлі материалдық қалдықтар мен қоқыстарды тазалап жүру маңызды екені табиғат аясында демалушыларға үнемі ескертіліп тұрады.

Өртке қауіпті кезеңде жылдам хабар берудің маңызы зор. Жылдам берілген хабар өрт шыққан жағдайда көп аумақты алып кетпеуіне септігін тигізеді. Осы орайда мекеме мамандары арнайы тұрақты, мобильді, тасымалды радиостансалармен қамтылған. Бұл орманды сақтау үшін әрі өрттің алдын алу үшін ең қажетті құрал.

Орман – ол оттегі, ылғал мен азайып бара жатқан тұщы судың қайта қалпына келуінің кепілі. Орман ол әртүрлі жануарлар мен құстардың өмір сүру ортасы. Орман адамзат үшін ең маңызды орта. Сондықтан ормандарымызды аялай білу, оны сақтау әр біріміздің адами парызымыз.

Балабек МҰҚАҒАЛИ,
Бадам орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі КММ-не қарасты Боралдай орманшылығының №8 айналым орманшы қорықшысы.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Павлодар облысының құрылыс басқармасы» ММ-сі:

- «Б.Момышұлы атындағы жалпы білім беру орта мектебі» Мемлекеттік мекемесі ғимаратына жапсарлас ғимарат құрылысы
- «№34 инновациялық үлгідегі жалпы білім беру орта мектебі» Мемлекеттік мекемесі ғимаратына жапсарлас ғимарат құрылысы жұмыс жобаларының «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімдері бойынша қоғамдық талқылау түрінде қоғамдық тыңдаулар өтетінін хабарлайды.

«Павлодар облысының құрылыс басқармасы» ММ-сінің мекен-жайы: Павлодар облысы, Павлодар қ., Жөніс алаңы, 5Б, байланыс тел:

+77182327348, e-mail: kense.dtt@pavlodar.gov.kz
ЖК «Сунинбеков Ж.К.» мекен жайы: Астана қ., Жұмабаев к-сі, 5/1, байланыс телефоны: +7(702) 230-90-90, e-mail: eco-start@list.ru

Жобалық құжаттама пакетімен <https://ecoportal.kz> Бірыңғай экологиялық порталында танысуға болады.

Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар <https://ecoportal.kz> Бірыңғай экологиялық порталында 15 мамыр мен 21 мамыр (қоса алғанда) аралығында қабылданады.

Қосымша ақпаратты мына мекенжай бойынша: Павлодар облысы, Павлодар қ., Жөніс алаңы, 5Б және + 7 771 5012674 телефоны бойынша алуға болады.

Техникалық ақауларға байланысты газетіміздің 26 сәуірде жарық көрген санының бірінші бетінде №15 (659). 19 сәуір, 2024 жыл деп қате жарияланған нөмірі мен күні №16 (660). 26 сәуір, 2024 жыл деп оқуларыңызды сұраймыз.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ГУ «Управление строительства Павлодарской области» сообщает о том что, состоится общественные слушания в форме публичных обсуждений по разделу «Охрана окружающей среды» к Рабочим проектам:

- Строительство пристройки к зданию ГУ «Средняя общеобразовательная школа им. Б. Момышұлы города Павлодара»
- Строительство пристройки к ГУ «Средняя общеобразовательная школа №34 инновационного типа города Павлодара»

Адрес ГУ «Управление строительства Павлодарской области»: Павлодарская область, г. Павлодар, площадь Победы, 5Б, телефон: +7

718 2327348, e-mail: kense.dtt@pavlodar.gov.kz
Адрес ИП «Сунинбеков Ж.К.» г. Астана, пр.Жумабаева 5/1, телефон: +7(702) 230-90-90, e-mail: eco-start@list.ru

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале <https://ecoportal.kz>.

Все замечания и/или предложения принимаются в срок с 15 по 21 мая (включительно) на Едином экологическом портале <https://ecoportal.kz>

Дополнительную информацию можно получить по адресу: Павлодарская область, г. Павлодар, площадь Победы, 5Б и по телефону + 7 771 5012674.

Редакция мекен-жайы: Шымкент қаласы, Түркістан көшесі, 2/2. E-mail: kyzmet_kz@mail.ru



Меншік иесі:
«Қызмет Газеті» ЖШС

Директор:
Бейсенкүл НАРЫМБЕТОВА

Бас редактор:
Бейсенкүл НАРЫМБЕТОВА

Редактор:
Дамира МОЛДАНАЗАРОВА
Тілшілер:
Сейдалы ДҮЙСЕБАЙҰЛЫ
Мақпал ҚҰРБАНҚЫЗЫ

Тарту бөлімі:
Дина ХАЙТМЕТОВА
+7771 66 88 765,
+7775 650 27 75

Газет 2009 жылдың 29 мамырында ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде тіркеліп, мөрзімді баспасөз басылымдарын есепке алу туралы №10166-Г куәлігі берілген.

Редакция авторлар мақаласына, жарнама мазмұнына жауап бермейді. Авторлар қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды. «Қызмет» газетінде жарияланған материалдар мен суреттерді көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті. Газетте жарияланған жарнама мәтіні мен сапасына редакция жауап бермейді. Газеттің кейбір материалдары мен суреттері интернет желісінен алынған.

Газет жұма күндері шығады

Газет «М-press» ЖШС Баспа үйінде басылды. Шымкент қаласы, А.Байтұрсынов к-сі, 18-үй

Таралымы 3100 дана. Тапсырыс